

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды облысы Жезқазған қаласының Ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 маусымдағы N 652 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды облысы Жезқазған қаласының Ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі оның құрамынан "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесін бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген
т ә р т і п п е н :

- 1) мекеменің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер Министрі